

Ажибаева Жадра Салимжанқызы  
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің сарапшы мұғалімі  
НЗМ Қызылорда қаласы  
Бибатырова Айгүл Мырзағұлқызы  
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің сарапшы мұғалімі  
НЗМ Қызылорда қаласы

## **ОҚЫЛЫМ СТРАТЕГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМ ЖАСАУ DAҒДЫСЫН ДАМУ, 2024-2025 оқу жылы**

### **АННОТАЦИЯ**

Мақалада қазақ тілімен әдебиеті пәні бойынша екінші тілде оқитын оқушылардың оқылым стратегиялары арқылы тұжырым жасау дағдысын дамыту әдістері қарастырылады.

Мәселенің өзектілігі: NIS-Program оқу бағдарламасы бойынша оқушылардың тұжырым жасау дағдыларын дамыту қазіргі таңда ең маңызды дағдылардың бірі болып табылады. Оқушы мәтінмен таныса отырып, өзіндік қорытынды ой-пікірін, тұжырымын жасап, жеке тұлға ретінде қалыптасады, сондықтан да олардың тұжырым жасау дағдыларын дамыту маңызды. Зерттеудің мақсаты: Оқушылардың өзіндік ерекшеліктерін зерттеу; Оқушылардың тұжырым жасау дағдысын арттыру үшін тиімді болып табылатын оқылым стратегиясын анықтау. Зерттеудің міндеттері: Оқушылардың тұжырым жасау дағдысын дамыту үшін мәтіндерді таңдау; А,В,С деңгейіндегі оқушыларды өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, оқылым стратегияларымен қатар тиімді болып табылатын әдіс-тәсілдерді таңдау. Кілт сөздер: «Креативті матрица» әдісі, «ТАФТ» әдісі, зерттеп оқу стратегиясы, Брунердің креативтілік зерттеу тесті. Зерттеу әдістері: Әдебиеттерге шолу жасай отырып, сонымен қатар зерттеу әдістері - сауалнама жүргізу, сұхбат жүргізу, сабақты жоспарлау, зерттеу, бақылау, талдау негізінде әріптестермен 3 зерттеу сабағы өткізілді. Сауалнама, сұхбат негізінде оқушылардың басым көпшілігінің тұжырым жасау дағдыларын дамыту қажеттілігі анықталды. Сондықтан оқушылардың тұжырым жасау дағдысын дамыту үшін сабақты жоспарлау, зерттеу, бақылау, талдау әдістері іске асты. Зерттеу нәтижелері: Сабақ үдерісінде тұжырым жасаудың алғышарттары - идеяны құру, идеяны дамыту және ұйымдастыруды негізге ала отырып іске асырылған оқылым стратегиялары–түсініп оқу, зерттеп оқу, комментарий жасап оқу білім алушылардың мәтінді оңай меңгеріп, өз ойын еркін жеткізуге, қорытынды шешімге келуге мүмкіндік берді. Оқылым стратегиялары оқушыларды назарын шоғырландырып оқу, шолу жасау, тәжірибе және зерттеу жасауға бағыттай алды.

**АКТУАЛДЫЛЫҚ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕНІҢ НЕГІЗДЕЛУІ.** 9-сыныптың зерттеу үшін таңдалуына мектеп бойынша жүргізілген қазақ тілі мен әдебиетінен мониторинг нәтижелері өз септігін тигізді. Мониторинг нәтижесі бойынша бұл сыныптың оқылым дағдысын дамытудың қажеттілігі айқындалды. Сол себептен оқушылардың мәтіндердің мазмұнын түсіндіру арқылы сұрақтар мен идеяларды тұжырымдау, мағынасын түсіндіру, ақпаратты әртүрлі көздерден алу және жинақтау, өз пікірін білдіре отырып, алынған мәліметтер негізінде түсіндіру, қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыру үшін аталған зерттеу жүргізілді. Бұл өз кезегінде мектеп стратегиясына сәкес, барлық оқушылардың өз әлеуетін жүзеге асыруына және қоғамда жауапкершілігі мол тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді.

**Зерттеу сұрақтары:** Тұжырым жасау дегеніміз не? Тұжырым жасауда қандай алғышарттарды ескерген дұрыс? Оқушылардың тұжырым жасау дағдысын дамытуда оқылым стратегияларының қай түрі тиімді болмақ?

## ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗ (ҚЫСҚАША)

Оқушылардың тұжырым жасау дағдыларын дамыту үшін түсініп оқу, комментарий жасап оқу, зерттеу оқу оқылым стратегияларының рөлі зор. Зерттеу барысында құжаттарды талдауда әсіресе 9-сынып оқушыларының талқылауларда жеке көзқарастарын жақтап дәлелдерін келтіруде, шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образына баға беруде, маңызды тақырыптарға байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсынып тұжырым жасауда қиналатындықтары айқындалды, сондықтан зерттеуге осы сынып алынды. Жайсанбаева А. «Оқылым стратегияларын тиімді қолдану арқылы оқушылардың мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау дағдысын дамыту» мақаласында оқылымның түсініп оқу, комментарий жасап оқу, зерттеп оқу стратегияларының тұжырым жасауда маңызды екенін айрықша атап өтеді. және түсінік береді. Түсініп оқу стратегиясының мәтіннің мазмұнын, автордың айтпақ болған ойын, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну үшін әр ақпаратты ұғынып оқуда, ал комментарий жасап оқу арқылы автордың айтпақ болған ойын, мәтіннің кімдерге арналғандығын анықтау, мәтінді жазудағы мақсатын түсінуде, зерттеп оқудың мәтіннің мазмұны мен құрылымдық бөліктерін шолып оқуға қарағанда күрделі оқу түрі екенін айтады. Зерттеп оқу оқушыдан назарын шоғырландырып оқуды талап ететіндіктен, оқылым мәтінінің астарлы ойын, автор көзқарасын, мәтіндегі көтерілген мәселені, факті мен көзқарасты зерделеп ажырату зерттеп оқудың ерекшелігі болып табылатынын түсіндіріп кеткен, сондықтан зерттеу барысында осы оқылымның үш стратегиясы негізге алынды.

Mark Sanchez өзінің «Тұжырымдаманың мәні» деп аталатын ғылыми мақаласында: «Тұжырым жасау бұл берілген бір немесе бірнеше өзара байланысты алғышарттар негізінде жаңа логикалық қорытынды шығару. Тұжырым жасау әдетте ой қорытуға негіз болатын пайымдардан және "логикалық қорытынды" деп аталатын алғышарттардан тұрады. Автордың материалына сүйене отырып, оқушылардың тұжырым жасау дағдысын дамытуда «идеяны құру, идеяны дамыту және ұйымдастыру» алғышарттарын жасаудың маңыздылығы зор екені анықталды.

Брунердің оқушылардың креативтілік деңгейін анықтауға бағытталған тестін іске асыру көзделді, себебі Брунер өз кезегінде тұжырым жасау дағдысын дамытуда оқушылардың креативтілік, бейнелік, белгілік ерекшеліктерін зерттеу маңызды екенін айтқан. Мәселелерді анықтау бойынша, гипотезаларды ұсыну негізінде олардың шешімдерін іздеу бойынша, гипотезаларды тексеру және өзгерту бойынша, шешім нәтижесін қалыптастыру бойынша әрекеттерді қамтиды. Ал белгілік тип математикалық қабілеті бар адамдар шығару ережелерінің көмегімен ақпаратты түрлендіру кезінде символдық ойлауға артықшылық береді. Бейнелік типтегі оқушылар ақылдың көркемдік қабілеті бар адамдар ойлаудың бейнелі түрін қалайды. Зерттеу аясында оқушылардың тұжырым жасау дағдысын дамытуда оқушылардың креативтілік, бейнелік, белгілік ерекшеліктерін ескеру көзделді.

П.Дадлидің «Оқыту мен оқудың белсенді әдістері» еңбегіне шолу жасай отырып, оқушылардың тұжырым жасау дағдысын дамытуда «Креативті матрица» әдісі таңдалды, себебі П. Дадли «Креативті матрица» әдісі оқушыларды ойлауға, тұжырым жасауға ынталандырады» деп көрсеткен. «Креативті матрица» әдісі негізінде қалыптасатын дағдылар: креативтілік, ойлау, шешім қабылдау, проблемаларды шешу, бірлескен жұмыс. П. Дадли өз кітабында аталған әдіске сипаттама бере отырып, бұл әдіс оқушыларды жағдайлардың, нұсқаулардың, идеялар мен оқиғалар топтамасы туралы (болжамды түрде) креативті ойлауға ынталандырады. Бұл ойлау және проблемаларды шешу дағдыларына ықпал ете отырып, оқушыларға сұрақтарға жаңа қырынан қарауға мүмкіндік береді.

## МЕТОДОЛОГИЯ

Зерттеу тобымен бірге оқуда кездесетін мәселені анықталып, Action Research үшін «жоспарлау – әрекет – талдау – рефлексия» циклдарына сәйкес әрекеттер жасалды. Соған сай 3 зерттеу жоспарланды. 1-зерттеу тақырыбы: Тарих - өзгеріс сәттері. Дүкенбай Досжан «Төрт патшаны көрген кейуана» әңгімесі. Оқылымның алдында ретінде «Мен патша болсам...» тақырыбында сынып оқушылары өз ойларын ортаға салады деп шешілді. Оқылым стратегиясы: түсініп оқу стратегиясы. Оқылым тапсырмасы ретінде «Екі түрлі түсіндірме күнделік» стратегиясы таңдалды. Оқылымнан кейін “Дөңгелек үстел” стратегиясы арқылы оқушылар «Азаматтың тұлғасы сендердің ойларыңша қандай болуы керек?» деген сұрақ төңірегінде ойланып, Mark Sanchez ұсынған «Тұжырымдаманың мәні» ғылыми еңбегіне сәйкес тұжырым жасаудың «идеяларды дамыту, құру, ұйымдастыру» алғышарттарына сүйеніп, жеткіші сұрақтар арқылы тұжырым жасауды үйренеді деп келісілді.

2-зерттеу тақырыбы: Жер планетасы және адамзат. М. Әуезов «Көксерек» повесі. Оқылымның алдында «Мәтіннің қай тұсына өзгеріс енгізер едіңіз? Неліктен?» сұрақтары арқылы жұмыс жасау көзделді. Оқылым стратегиясы: комментарий жасап оқу стратегиясы. Оқылым тапсырмасы ретінде «Т кестесі» әдісі таңдалды, себебі оқушы автордың мәтін жазудағы мақсатын айқындайды, автор мақсатына өз көзқарасын білдіреді деп ұйғардық. Оқылымнан кейін «Көксерек» әңгімесінің өздері қалаған бір сюжетіне өзгеріс енгізеді. Жайсанбаеваның еңбегіне сәйкес, тұжырым үшін клишелер ұсынылады, клишелер оқушылардың тұжырым жасау дағдысын арттыруға септігін тигізеді деп шешілді.

3-зерттеу тақырыбы: Ұрпақтар көзқарасының алшақтығы. Төлен Әбдіқовтің «Қонақтар» әңгімесі. Оқылым алды тапсырма «Сәйкестендіру» әдісі арқылы, ал оқылым стратегиясы: зерттеп оқу. Оқылымда Дадлидің еңбегінде көрсетілген «Креативті матрица» әдісі арқылы оқушылар кесте бойынша жұмыс жасап, шығарманың композициялық құрылымын анықтайды, кейіпкердің іс-әрекетіне баға беріп, тұжырым жасайды. Оқылымнан кейін «ТАФТ» әдісі арқылы оқушылар кесте арқылы ұрпақтар көзқарасының алшақтығын шешуге қатысты өз тұжырымдарын жеткізеді деп келісілді. Сондай-ақ ұлттық киімдер, мақал-мәтелдер, суреттер арқылы оқушылардың Брунердің ұсынған оқушы ерекшеліктеріне сай тұжырым жасайды деп күтілді.

### **ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ (ЗЕРТТЕУ БАРЫСЫ)**

1-зерттеуде А оқушы әңгімеден төрт патшаның билік басында болған кезеңдері мен сол кездегі мәселелерді анықтап, көтерілген мәселелерді салыстырып, ой қорытындысын жасай алды. В оқушы мәтіннің мазмұнын мәтінді жазудағы мақсатын түсіну үшін әр ақпаратты ұғынып оқығанмен, автордың нақты айтпақ болған ойын тұжырымдап дәлелдермен жеткізуде қиналды.

С оқушыға «өзін патша орнына қойғанда нені өзгертер еді, қандай жаңалық жасар еді?» деген сұраққа жауап бергенмен, «Неліктен өзгеріс жасаймын?» деген сұрақтар төңірегінде тұжырым жасауда қиналды. 2-зерттеуде А оқушы қосымша дереккөздерге сүйеніп, адамның табиғаттың басқа мүшелеріне қастандық жасауына жол бермеу жолдарын талқылап, автордың мәтін жазудағы мақсатын айқындайды, автор мақсатына өз көзқарасын білдіріп, тұжырым жасай алды. В оқушы мәтіндердегі адамзат пен табиғат арасындағы тепе-теңдіктің бұзылу себептері мен сақталу жолдарына қатысты автор мақсатын айқындай алды, алайда табиғатқа қамқорлық танытуға қатысты өз тұжырымын жасауда сыни ойлау дағдыларын арттырудың қажеттілігін аңғартты. С оқушы қосымша ұсынылған мәтіндегі автордың мақсатын айқындағанмен, мәтінге өзгеріс енгізуде, аса белсенділік танытқаны байқалмады. Бұл оқушыларға толыққанды тұжырым жасауда кедергі келтірді.

3-зерттеуде А оқушы креативтілік қабілеті басым болғандықтан, тұжырымды оңай жасай алды. Зерттеу болжамы расталып, А оқушы креативтілік деңгей типіндегі оқушы болғандықтан, мақал-мәтелдер арқылы тұжырым жасай алды. Нәтижесінде А

деңгейлі оқушының мақал-мәтелдердің көмегімен өз тұжырымын сапалы түрде бере алғаны байқалды. В оқушы белгілік типіндегі оқушы болғандықтан, әртүрлі белгілердің символы таратылды. В оқушы Ерғабыл кейіпкердің әрекетіне қатысты тұжырымын жеткізеді, алайда мұғалімнің қолдауы қажет болады.

Қолдау үшін бұл белгілік ойлау типіндегі оқушы болғандықтан, оқушыға кейіпкердің әрекетіне тұжырым жасау үшін ұсынылған ауа райының белгілері суреттер берілді. Нәтижесінде оқушы Ерғабыл қарттың немересін бауырына басуы туралы өкінішін бұлтты суретпен жеткізіп, «Ерғабыл қарттың реніші орынды, ол немересінің балабақша тәрбиесінен гөрі ата мен әженің тәрбиесін алып, өскендігін қалады» деп, идея құра білді және кейіпкер бейнесін ашып, тұжырым жасау үшін бұлт белгісінің тиімді болғанын көрсете білді. С оқушы суреттерді және мұғалім сұрақтарының көмегімен тұжырым жасау дағдысын дамыта алды. С оқушы шығарманың шиеленісу бөліміндегі әкесі мен баласының әңгімесінің жараспауын жусан шөбінің бейнесімен беріп, өз идеясын құра алды. Топ оқушылары жусан бейнесі арқылы оқушы жаңалыққа жаны қарсы, қала мәдениетін қабылдай алмайтын Ерғабыл кейіпкердің көзқарасындағы алшақтықты сәтті суреттеді.

### **ТАЛДАУ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫЛАР**

1-зерттеу бойынша талдау және рефлексия: 1-топ оқушылары түсініп оқу стратегиясы талаптарына орай автордың айтпақ болған ойын, мәтінді жазудағы мақсатын түсінуде ақпаратты ұғынып оқу үшін кестелерді қолданудың маңыздылығын түсіне алды. Қолдау үшін С арнайы клишелер берудің қажеттілігі байқалды. Сондықтан комментарий жасап оқу стратегиясын жүзеге асыру туралы шешім қабылданды.

2-зерттеу бойынша талдау және рефлексия: Оқушылардың жұмысына назар аударып, сабақ барысында олардың комментарий жасап оқу стратегиясы талаптарына орай автордың мақсатына өз тұжырымын жасауда қанағаттанарлық деңгейде тиімді болды, сондықтан оқушының сыни ойлау дағдыларын дамытып, толыққанды жан-жақты тұжырым жасау зерттеп оқу таңдалды.

3-зерттеу бойынша талдау және рефлексия: 3-зерттеуде оқушылар зерттеп оқу стратегиясы арқылы мәтіндегі көтерілген мәселеге сай тұжырым жасау дағдыларын арттыра алды. Бұл оқушылардың оқу мақсатын қаншалықты жеткенін қорытындылауда қолданылған «Табыс шеңбері» бағалау парағынан және сабақтан соң оқушылардан алынған сұхбаттың мәтінінен байқалды.

### **ПРАКТИКАЛЫҚ ҰСЫНЫСТАР**

Оқушылардың мәселені жан-жақты зерттеп, өз логикалық қорытындысын жасауға үйретуде іске асқан зерттеу нәтижесі арқылы төмендегідей шешімге келдік:

-Брунердің оқушылардың креативтілік деңгейін анықтауға арналған тестінің нәтижесі және тұжырым жасаудың алғышарттары (идеяны құру, идеяны дамыту және ұйымдастыру) оқушылардың тұжырым жасау дағдысын дамытуда өте қолайлы. Осы арқылы оқушылардың ерекшелігіне сай олардың ақпаратты қайта өңдеудің, зерделенетін ұғымдар мен құбылыстар арасындағы өзара байланысты зерттеу дағдылары дами түскені байқалды. Бұл өз кезегінде мұғалім оқушы ерекшелігіне орай қолдау жасап, саралаудың іске асуына мүмкіндік береді.

-Оқылым стратегиялары, оның ішінде зерттеп оқу стратегиясы оқушылардың мәтінді толық түсініп, жан-жақты зерттеп, автордың идеясына орай өзіндік көзқарасын білдіріп, соның негізінде қорытынды тұжырым шығаруда тиімді болды. Зерттеп оқу оқушыдан назарын шоғырландырып оқуды талап ететіндіктен, олардың оқылым мәтінінің астарлы ойын, автор көзқарасын, мәтіндегі көтерілген мәселені, зерттеп оқу арқылы тұжырым жасауына өз септігін тигізді.

-Қосымша ресурстар, мұғалім тарапынан ұсынылған клишелер, мақал-мәтелдер, суреттер оқушылардың тұжырым жасау дағдыларын дамытуда көмегін тигізеді. Олар

берілген ресурстардың ішінен тақырыпқа сай келетін ресурсты анықтап, өз таңдау дағдысы да басым екенін аңғартты. Оқушылар бір-бірінің тұжырымдарына назар аударып, бір-бірінен үйренгені де байқалды.

-Оқушылардың тұжырым жасау дағдысын жетілдіру үшін «Креативті матрица» әдісі де тиімді, өйткені осы әдіс арқылы оқушылардың бірқатар идеялар бойынша шығармашылық қабілеті артып, өз қорытынды пайымын білдіре алады. Сонымен бірге оқушылардың жауаптарын басқа топтардың жауаптарымен салыстырып, өз нұсқаларын дәлелдеу, өз пайымын ұсынуда маңызды болды. мүмкін жағдайларды анықтау сұралады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу нәтижесінде оқушылар өзіндік беліглеріне қарай тұжырым жасады. Оқушылардың тұжырым жасау дағдыларын арттыруда ұсынылған алғышарттар олардың түрлі идеяларды құрып, өзіндік идеясын дамытуда және сонымен бірге осы идеясын іске асыру, яғни ұйымдастыру үшін логикалық қорытынды жасауға септігін тигізді. Зерттеу нәтижесі білім алушылардың тұжырым жасау дағдысын дамытуда жетекші сұрақтар, клишелер, суреттер, мақал-мәтелдердің рөлі зор екенін аңғартты.

Оқушылардың оқу мақсатын қаншалықты меңгергенін өлшеу үшін тандалған «Табыс шеңбері» бағалау стратегиясы тұжырым жасау дағдысын бағалауда да өз тиімділігін байқатты, себебі бұл стратегия нақтылыққа негізделген. Бұл зерттеу нәтижесінің оңтайлы болуына оқушылардың

1-тоқсанда -55,9 %, 2-тоқсанда - 68, 66% білім сапасын көрсетуі дәлел болды.

Алдағы уақытта оқушылардың тұжырым жасау дағдысын дамыту бойынша жүргізілетін зерттеуге саралап оқыту қағидаттары негізінде ұйымдастырылатын жұмыс түрлерін кірістіруді жөн деп таптық, себебі саралап оқыту қағидаттары оқушылардың білік, дағдыларын дұрыс жоспарлауға, сабақты бақылау барысында нақты деректерді жинақтауға, зерттеу сапасын көтеруге септігін тигізеді.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) пәні бойынша оқу жоспары
2. <https://kk.warbletoncouncil.org/conceptualizacion>
3. <https://bilimdinews.kz/?p=85999>
4. П.Дадли. 2013. “Оқыту мен оқудың белсенді әдістері
- 5 П.Дадли. 2015. «Lesson study бойынша нұсқаулық.
6. Ступницкая М. 2006. Мектеп оқушыларының жалпы білім беру дағдылары мен дағдыларының даму деңгейінің диагностикасы.
7. Цукерман Г.А. 1989. Білім берудегі қарым-қатынас түрлері.
8. Якиманская И.С.2000. Қазіргі өмірдегі жеке тұлғаға бағытталған білім беру.
9. Татьяначенко Д. 2005. Мектеп оқушыларының жалпы білім беру дағдыларын дамыту
- 10.Харламов И.Ф. 1990. Педагогика: Оқулық. жәрдемақы.